

## Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 16 қазандағы N 680 Жарлығы

"Қазақстан Республикасының Президенті туралы" 1995 жылғы 26 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 17-1-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) "Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің штат саны мен құрылымы туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 ақпандағы N 533 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., N 5, 52-құжат):

1-тармақтағы "346" деген цифрлар "356" деген цифрлармен ауыстырылсын; аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымында:

"Құжаттамалық қамтамасыз ету бөлімі" деген жол алып тасталсын;

"Кадр саясаты бөлімі" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"Мемлекеттік қызмет және кадр саясаты бөлімі";

мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"Президент Әкімшілігі Басшысының хатшылығы

Мемлекеттік хатшының хатшылығы

Жалпы бөлім

Ақпараттандыру және ақпараттық ресурстарды қорғау бөлімі";

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 11 наурыздағы N 552 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПУАЖ-ы, 2008 ж., N 12-13, 116-құжат):

аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі туралы ережеде:

21-тармақтың б) тармақшасы "осы мақсаттарда, сондай-ақ Мемлекет басшысы қатысатын іс-шараларды дайындау мәселелері бойынша Әкімшілік Басшысы сонымен қатар Республиканың тиісті мемлекеттік органдарының басшыларын шақыра отырып, Әкімшіліктің басшы қызметкерлерімен апта сайынғы кеңестер өткізеді;" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қазақстан Республикасының  
Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК